

Аудан әкімі шешімінің күшін жою туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2015 жылғы 06 қазандағы № 17-ш шешімі "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңын басшылыққа ала отырып, Арал ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сайлау учаскелерін құру туралы" Арал ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 4 шешімінің (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 2 наурызда № 4889 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 17 (10065) санында ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Арал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Әлішева Жұмагүл Нахтайқызына жүктелсін.

3. Шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

А. МҰХИМОВ